



Абдуллина Г.

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ІСКЕРЛІКТЕРДІҢ МӘНІ

*В статье рассматривается
актуальность развития
интеллектуальной деятельности
в воспитании учащихся.*

*The actuality of the development of
intellectual activity in students' education
is considered in this article.*

Білім алушылардың білім және дайындық деңгейінің жоғары болуы үшін білімі мен іскерліктерін қалыптастыру мәселесі дұрыс шешімін табуы тиіс. Оның ішінде интеллектуалдық іскерліктердің өзіндік орны бар.

Интеллектуалды іскерліктердің, яғни «Интеллектуалды іскерлік» түсінігінің нақты, бірегей анықтамасы болмауына байланысты психология мен педагогикада олар төмендегідей терминдер түрінде кездеседі: «ойлау операциялары», «ойлау қызметінің тәсілдері», «ақыл-ой қызметінің тәсілдері», «жалпы логикалық іскерлік», «оқуға ептілік», «оқу қызметінің іскерлігі», «ойлаудың логикалық тәсілдері», «талдап қорытылған іскерлік» және т.б.

«Интеллектуалды іскерлік» – бұл талдау мен синтез, салыстыру, жіктеу мен түсініктер мен фактілерге жүйелендіру жүргізуге, себептік-салдарлық байланыстырды анықтау, ортақ, ерекше, жалғыз ғана белгілерді анықтау болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде оқыту үдерісінде меңгеру үшін білімнің екі түрі берілуі тиіс, олар:

1. Пәндік болмыстық туралы.

2. Ақыл-ой іс-әрекеті тәсілдерін жүзеге асыру мазмұны мен бірізділігі туралы.

Бұл білімнің өмір сүруінің екі формасына негізделеді, олар: мазмұндық және жеке тұлға-лық іс-әрекеттік.

Білімнің бұл екі жүйесі өзара тығыз байланысты және өзара негізделген болып келеді. Білімнің бірінші түрі түрлі ақпараттық материалдарда баяндалса, екінші түрі сұрақтар, тапсырмалар, материалды бірізділікпен баяндаудан тұрады. Мұғалім терең біліммен, ойлаудың жоғары деңгейімен қарулануы тиіс, оқушыларға білім бере білуі, ойлау тәсілдерін, ақыл-ой қызметін басқара білуге үйретуге тиіс және оларда білімнің екінші түрін де қалыптастыруы керек.

Бақылау және эксперименттік жұмыстар, таңдаулы оқытушылардың тәжірибелері, ойлаудың жекелеген тәсілдерін оқыту жеткіліксіз, маңыздысы «оқушыларды оқуға үйрету», оларды ойлауға, ал білім мен іскерлікті сапалы игеру үшін ақыл-ой іс-әрекеті тәсілдерінің жүйесін меңгеруі қажеттігін көрсетеді. Әсіресе, жасөспірімдік шақ үшін ақыл-ой іс-әрекеті тәсілдерін қалыптастыру өзекті мәселе болып табылады, өйткені бұл кезеңде іс-әрекеттің барлық түрлерін, оның ішінде ақыл-ой қызметін де қайта ұйымдастыру қажет болады. Жасөспірім үшін оқу қоғамдық-пайдалы іс-әрекет жиынтығының формаларының бірі болып табылады. Жасөспірімдерде өз бетімен білімді ой елегінен өткізуге, жаңаны іздеу мен ашуға,



сыныптастарының көз алдында өзін көрсете білу, өзін бар қырынан ашуға деген қажеттілік пайда болады. Жасөспірімдердің іс-әрекеті формасы мен сипатының ауысуы, білімге құмарлығының артуы, оқытудың жаңа жүйесі олардан іс-әрекеттің әрбір түрінде (оқу, ақыл-ой, еңбек) ақыл-ой қызметін ұйымдастырудың жоғары деңгейін талап етеді. Оқу пәнін меңгеру үдерісінде жасөспірімнің ойлауының мақсатты бағытталған, жеке дамуы оның пәнге деген қызығушылығын дамытады, білімінің деңгейін көтеріп, танымдық мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Сондай-ақ, жоғары сынып оқушылары мен студенттерінің интеллектуалды іскерліктерін қалыптастырудың маңызы зор. Өндірістік оқыту үдерісіндегі интеллектуалды іскерлікті қалыптастыру мәселелік мәселесін зерттей келе, И.С.Якиманская осы іскерліктерге мынадай анықтама береді: «Интеллектуал-ды іскерлік - бұл психикалық жанатүзілім, мұнда жинақталған тәжірибе тіркеледі және оны тұрақты пайдаланудың мүмкіндігі жүзеге асырылады, соның арқасында ол қайта өзгеріп, икемді, жедел, жаңа мазмұнға ие болады» [1]. Ол интеллектуалды іскерлікке мынадай іскерліктерді: жоспарлау, бақылау, жұмыс үдерісі мен нәтижелерін бақылау, техникалық көрнекілікті қолдана білу, білімді өзбетімен алуға ұмтылу, ол алған білімін қажет болған жағдайда жаңалап, толықтырып, нақты өндірістік жағдайда қолдану, өзінің еңбегін ұйымдастыру және т.б. жатқызады.

Белгілі ғалым-педагог Т.А.Ильина америкалық педагог Б.С.Блумның «Таксономия задач обучения» атты кітабын мазмұндай келе былай деп атап көрсетеді: «бұл жұмыстың мақсаты ... тестілеу саласына анықталғандықты және тәртіпті енгізу болды, өйткені нақты белгіленген оқыту мақсаты, олардың қатал құрылымдық компоненті тестті құру бойынша жұмысты реттеп және айтарлықтай жеңілдетуге мүмкіндік береді, ол оқушылардың оқу материалын игеруінің көлемін өлшеу мен соған сәйкес іскерліктер мен дағдыларды өндіруге бағытталады».

«Таксономия задач обучения» кітабының авторы мақсаттар таксономиясының үш саласын бөліп алып қарайды, олар: танымдық, эмоциялық, психомоторлық салалар. Танымдық саланың таксономия жүйесі білімді қабылдаумен және пайдаланумен, интеллектуалды қабілет пен іскерліктің дамуымен байланысты білім беру мақсаттарын қамтиды. Танымдық саланың келесі жүйесін бөліп алып қарауға болады:

1. *Білім нақтылығы*: терминологияны білу; нақты материалды білу.

2. *Нақты материалды пайдалану тәсілдерін білу*: қолдану аясын білу; даму тенденцияларын білу (білім нені болжайды, нақты құбылыс қандай бағытта дамуда, қандай ықпалы бар); таптастыруды және категорияларды білу; критерийлерді білу; жұмыс әдістерін білу.

3. *Осы салаға қатысты жалпы және абстрактылы түсініктерді білу*: принциптер мен талдап қорытуды білу; теориялар мен оларды құруды білу.

Интеллектуалды іскерліктер мен дағдылардың қалыптасуына байланысты мақсаттар.

1. Түсіне білу: материалды ешқандай қосымша түсіндірусіз игеру және қабылдау, анықтамалық әдебиеттерден іздеу және олардың мына төмендегідей құрамы болады:

- аудару (метафораны түсіне білу, математикалық символдарды, өрнектердің мәнін ашу);
- интерпретация, яғни - қайта айтып беру, түсініктеме бере білу;

- экстраполяция немесе тасымалдау, яғни алған білімін басқа салада қолдану, тарата білу, қандай да бір құбылыстың және оқиғалардың болуын әңгімелеп беру.

2. Қолдану: нақты жағдайларда түсініктер мен абстрактілі білімді тарата білу, практикалық міндеттерді шешуге теориялар мен заңдарды қолдана білу.

3. Талдау – хабарламаларды оны құрайтын элементтерге бөлуді жүргізе білу:

- элементтерді талдау – барлығын жататын элементтерді тани білу;

- қатынастарды талдау (сөйлем мүшелерінің орналасуының бірізділігін анықтау мен мүшелей білу);

- ұйымдасушылық принциптерді талдау (жекелеген элементтерді арасындағы өзара байланысты және құрылымын түсіне білу).

4. Жинақтау (синтез) - бұл бөлектенген білімдерді біртұтас етіп біріктіруді білдіреді:

- өз бетімен ойын айтып жеткізу (шығарма жазу, көргендері туралы әңгімелеп беру);
- жоспар құру (жұмысты орындаудың немесе белгіленген әрекеттің жоспарын құра білу);

- абстрактылы байланысты белгілеу – құбылыстарды жіктеу білу немесе оларға белгілі теориялар жағынан түсініктеме беру.

5. Бағалау критерийлерге қатысты материалды бағалай білуді немесе жұмыс әдісін білдіреді. Оны құраушылар:



- өзінің жеке критерийлері жағынан бағалау;
- берілген критерийлерге қатысты бағалау.

Б.С.Блумның еңбегі зерттеу жұмыстары үшін баға жетпес, құнды дерек көзі болып табылады, ол еңбекте интеллектуалды іскерліктің құрамы сәтті ашылып, көрсетілген.

Жалпы оқи білу мен дағдылардың жиынтығын «оқи білу» деп атай отырып, Ю.К.Бабанский осы іскерліктерге мектеп үшін ыңғайлы жіктеу береді:

1) *Оқу-ұйымдастырушылық*: қызметтің міндетін белгілеу және қабылдай білу; қызметті тиімді жоспарлай білу; қызметтің қолайлы шартын құра білу (күн тәртібінің режимі, жұмыс орнының гигиенасы, шынығу);

2) *Оқу-ақпараттық*: библиографиялық ізденісті жүзеге асыра білу; кітаппен, анықтама кітаптармен жұмыс істей білу; ақпараттың техникалық дерек көздерімен жұмыс істей білу; бақылауды жүзеге асыра білу;

3) *Оқу-интеллектуалды*: өзінің іс-әрекетін мотивациялай білу; ақпаратты мұқият қабылдай білу; есте сақтай білу; оқу материалын логикалық ой елегінен өткізе білу; проблемалық танымдық міндеттерді шеше білу; жаттығуларды өз бетімен орындай білу; оқу-танымдық қызметте өзін-өзі бақылауды жүзеге асыра білу [2].

Н.А.Лошкарева «оқушылардың оқу еңбегінің дағдылары мен іскерлік-терін дамытудың эксперименталды бағдарламасындағы» оқушылардың жалпы оқу іскерліктері мен дағдыларының негіздерін қарастыруға әрекет жасады. Ол барлық оқу іскерліктері мен дағдыларын негізгі төрт түрге бөледі:

1. Оқу материалын жүйеге келтіру мен айтып берумен, оқып берумен байланысты оқудың жалпы іскерліктері мен дағдылары.

2. Жалпы логикалық іскерлік, ол талдау, синтез, салыстыру, дәлелдеу сияқты ақыл-ой тәсілдерін қалыптастыруға бағдар алады.

3. Оқушылардың дамуына жағдай жасаушы кітапханалық-библиографиялық іскерлік, ол өз бетімен кітаптар мен мерзімді басылымдарды пайдалана білумен байланысты.

4. Өздерінің оқу-танымдық қызметін ұйымдастыру негіздері туралы білімді қамтамасыз ететін ұйымдасушылық-танымдық іскерліктер.

Д.Н.Богоявленский ойлау үдерісінде белгілі бір ойлау операцияларының (талдау, синтез, абстракция, талдап қорыту) өңделіп, бекітілетінін атап көрсетті. Аталған типтегі міндеттерді шешу үшін арнайы ұйымдастырылған, ойлау операцияларының жиынтығы ойлау іс-әрекеті *тәсілі* немесе *әдістері* деп аталуы мүмкін.

Интеллектуалды іскерлік дәрежесіне жеткізілген осы тәсілдерді меңгеру, оларды білімді қолдану кезіндегі саналы пайдалануға мүмкіндік береді. Өзінің қолында белгілі бір ойлау тәсілдерінің қорының болуының арқасында білім өсу мен нақтылыққа ие болады: оқушылар тек қана біліп қана қоймайды, сонымен бірге «ойлай да біледі» [3].

Н.А.Менчинская атап көрсеткендей, «Білім – үстінгіден де жоғары қабат. Ең терең қабаты – ақыл-ой қызметінің тәсілдерін игеру немесе білімге қол жеткізу мен қолдану кезіндегі үдерісте ақыл-ой операцияларын орындай білу. Үшінші қабаты – ақылдың белгілі бір қасиеті мен ерекшеліктерінің қалыптасуы: белсенділік пен өнімділік, икемділік, өзбетімен жұмыс істей білу» [4].

Е.А.Милерин интеллектуалды іскерлікті оқу іс-әрекетіне жатқызады. Ал, Н.В.Кухарев білімге қол жеткізу мен оқудың жеңілдігін қамтамасыз ету үшін оқушыларды қандай іскерліктерге үйрету керектігін ол түрткі болатын, қозғаушы және интеллектуалды іскерлік деп атады.

Ол интеллектуалды іскерлікке мына төмендегідей компоненттерді жатқызады:

1. Ақпараттарда ең бастысын, мәні барын бөліп қарау.
2. Материалды жүйелеп, оны схемада көрсету.
3. Өзінің жауабына не сөйлеу керектігін таңдау; жауап беру кезінде салыстырулар мен қорытындылар жасау.
4. Алғашқы дерек көздерін пайдалану және оларды жауапқа тарту.
5. Анықтама әдебиеттерін пайдалану.
6. Оқу мәтінін графикалық бейнелеуге жататын схемаларды таңдау.
7. Логикалық акценттері мен бірінен біріне өтуді атап көрсете отырып, әңгіме құру.
8. Материалды салыстыра отырып ашу.
9. Мәтіндегі танымдық міндетті түсіну.



10. Зерттеліп отырған фактілер мен оқиғаларға қатысты өзінің пікірін айту.

11. Жаңа материалды зерттеуге байланысты сұрақтарды өзбетімен құрастыру және оны белгілі фактілер мен ережелермен салыстыру.

12. Біпнеше дерек көздерінің негізінде қарапайым зерттеу жүргізу (құжаттар, бақылау, эксперименттер).

13. Гипотезаны құру, оны тексеру жолдарын белгілеу.

14. Салыстыру, қорытынды жасау; мәнді белгілері бойынша ақпараттарды жіктеу.

15. Абстрактылы құбылыстардың мағынасын ашу.

16. Оқу орнында алған білімін тәжірибеде қолдану тәсілдерін табу.

Оқушылардың интеллектуалды іскерлікпен қарулануы оның оқуға деген қатынасына, оның оқуға жауапкершілікпен қарауына байланысты. Сондықтан да авторлар оқушылардың оқудағы жауапкершілігінің дәрежесіне қарай үш типке бөледі: жағдаяттық, бағдарлық, тұрақты типтер.

Жағдаяттық қатынас оқушылар мұғалімнің пәнді беру сапасына байланысты сипатталады. Оқу кезінде түсу мен көтерілу, жеңіл-желпі білім алу байқалады. Олар алдынан шқандай перспективаны көрмейді. Мұғалім бұл типтегі оқушыларға білімнің практикалық қызмет үшін мәнін оқушының қызығушылығына негіздеп түсіндіруі тиіс.

Оқушылар өмірде өзіне қажет болады деген пәндерге ғана қызығушылық танытады. Олардың кейбірулері айтарлықтай нәтижеге жетеді, кейбіреулерінің жақсы оқуға қабілеті жетсе де, нашар оқиды. Мұндай жағдайда оқушыларға практикалық қызмет үшін түрлі салалардан білім жиынтығының мәнін түсіндіру қажет. Оларды әрдайым барлық оқу пәнін оқуға бағыттау керек және олардың тандап алған пәндерін тереңдете оқыту қажет.

Біздің көзқарасымызша интеллектуалдық іскерліктің қалыптасуына жаңа ұйымдастыру формаларының ықпалын зерттеу болып табылады.

Білім берудің түрлі кезеңдерінде «оқуды үйрену» міндетін шешу тәсілдері үйренудің психологиялық теориясының жасалу деңгейіне байланысты болады және олардан оқытудың дидактикалық жүйелерінен келіп шығуына байланысты болады.

Педагогикалық тұрғыдан интеллектуалдық іскерліктер оқыту әдістерінің мазмұны мен мәнін ашатын және құрайтын логикалық тәсілдерді сипаттайды. Олар негізінен білімденудің қайнар көзі ретінде қарастырылады. Интеллектуалдық іскерліктерді қалыптастырудың психологиялық және педагогикалық негіздері жеке және жан-жақты зерттеудің қажет етеді. Оларды интеллектуалдық іскерліктердің мәнін анықтайтын бір мақала тақырыбынан бөлек тақырып ретінде қарастыру керек деп білеміз.

Әдебиеттер:

- 1 Якиманская И.С. Развитие пространственного мышления школьников. – М.: Педагогика, 1980. – 240 с.
- 2 Бабанский Ю.К., Победоносцев Г.А. Комплексный подход к воспитанию учащихся. –Киев.: Радянська школа, 1985. –256 с.
- 3 Богоявленский Д.Н. Приемы умственной деятельности и их формирование у школьников //Вопросы психологии, 1969, №2. –С.25-28.
- 4 Менчинская Н.А. Вопросы умственного развития ребенка. – М., 1970. – 32 с.